

ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР МЕН ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кабдолдина И.М., п.ғ.м., оқытушы
РМҚМ «Бөбек» Ұлттық Ғылыми-Практикалық,
Білім беру және сауықтыру орталығы
Алматы қ., Қазақстан

Қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи таным өскелең ұрпақтың бүгінгі заман оқиғаларының мәні туралы түсінігін қалыптастыруда бірінші кезекте тұрады. Тарихи таным – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибені және одан қандай сабақ алуға болатынын ұғыну, әлеуметтік болжам (қазіргінің мәнін, өткенді өзгертуге болмайтынын және болашақта не болуы мүмкін екенін түсінуіне сүйене отырып), өз істері үшін тарихи жауапкершілікті сезіну. Оған қоса оқу-тәрбие үдерісінің маңызды бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азаматтың және патриоттың қалыптасуына көмектесуі тиіс.

Фактілерге негізделген тарих адамдардың әлеуметтік, рухани, жасампаз, қатысымдық тәжірибесінің жиынтық бейнесі болып табылады. Тарихты оқу төзімділікті қалыптастыруға, заманауи қоғамның ізгілік дәстүрлерін және демократиялық құндылықтарын игеруге, әлемнің мәдени алуан түрлілігін түсінуге жәрдемдеседі. Ол адам, оның табиғатпен және қоғаммен өзара қарым-қатынасы туралы түсініктің маңызды дереккөзі ретінде қызмет етеді. Мектепте тарихты оқыту іс-әрекеттік тәсілді, түрлі әдістерді пайдалану негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі таңда біздің республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынууда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты үйрете жүріп, үйрену. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, адамгершілік, рухани және де көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, алдындағы шәкірттерін бағалауы ерекше орын алады. Жаңа технологияның өзі әртүрлі атқарушылардың шеберлігіне байланысты әр қилы жүзеге асырылуы мүмкін. Мұғалімдерге шығармашылық еркіндіктің берілуі. Әр сабақтың сапалы болып, оның тиімділігін арттыру – ізденімпаз, шығармашылығы шындалған ұстаздың қолында. Осындай оқытудың жаңа технологияларының біріне – сабақты, дәрісті өткізуді «Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы» бойынша ұйымдастыру жатқызылады. Бұл әдісте талданып отырған мәселе бойынша әрбір оқушы өз топшылауын, өз пайымын білдіреді, өзіндік дәлелдер келтіреді, басқалардың ой түйіндерін сынайды, олардың мәнді, мағыналы жақтары жөнінде өз пікірін, өз тоқтамын жасайды. Бұл әдіс шәкірт-терге де, оқытушыларға да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Оқыту әдістерін жетілдіруге, дамытуға олардың тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Тарих – мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың негізін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік, этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады. Тарихтың басқа пәндермен өзара байланысы талдау, жинақтау сияқты ортақ логикалық таным – әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, гуманитарлық циклдағы пәндермен байланысы картамен, мәтінмен жұмыс істеу, оқиғалар мен құбылыстардың ерекшеліктерін айқындау сияқты ортақ әдіс-тәсілдері негізінде іске асады. Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен

тарихи деректерді оқып, білім алып шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялармен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдерді енгізу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - делінген. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне оқыту мен тәрбие берудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны игерген, психологиялық, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жолын салуға икемді, шығармашылық, педагогикалық зерттеуші болуды талап етеді. Қазіргі заман ағымына байланысты оқушылардың білімге қызығуын арттыру үшін мұғалімдерге жаңа талаптар қойылуда. Сол себепті оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енгізілуде. Жан-жақты ізденістің нәтижесінде білім беру саласында жаңа педагогикалық технологиялардың саны да, сапасы да өсіп келеді. Технология – белгілі бір істегі адамның әдісі, шеберлігі. Осы шеберлік арқылы мұғалімнің өз сабағын оқушыға жоғары сатыда жеткізуіне мүмкіндік береді. Мұғалім үнемі шығармашылықпен, ізденіспен жұмыс жасап отырса, жанашылдыққа жақын болғаны. Өзгелердің үлгісін өз ісінде пайдалана білсе, оған өзіндік қолтанбасын қосып отырса – оқушы тәрбиелеу мен білім берудегі жетістігі сол болмақ. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерден 50-ден астам оқыту технологиялары қолданысқа енгізілгені белгілі болып отыр. Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, жаңаша құрылымы бар демократиялық қоғам құруға кіріскеніне біршама уақыт өтті. Еліміздің болашағын жасайтын жастар білімімен қатар шығармашылық қасиеті жоғары, өзіндік көзқарасы бар, елге тұлға болатын азаматтар болуы керек. Ал, ол азаматтарды оқытып, тәрбиелеп шығаратын негізгі орта – мектеп. Сондықтан қазіргі мектеп ішінара қайта құруларға жол беріп, көп істерде оң өзгерістерге қол жеткізуде. Тарих пәні мұғалімдерінің міндеті – мәдениетті түрде білімді, іскер, жеке тұлғаны дамыту, ұлтымыздың рухын көтеру, осы мақсатқа жететіндей тиімді жол іздеу. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты бағдарламасын іске асыруға белсене қатысатындар, кең байтақ Қазақстанның байлығына ие болатындар, сол байлықты өз иелігіне жұмсайтындар, сөз жоқ, қазіргі мектеп қабырғасында жүрген біздің оқушыларымыз екеніне ешкім күмән келтіре алмайды. Менің де мұғалім ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие мен білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру оқушының қызығуын, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға, өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру – әрбір ұстаздың абыройлы борышы. Бұл ретте өзім сабақ беретін тарих сабағымда оқытудың көптеген әдістерінен құралған интерактивті оқыту технологиясының тиімді әдістерін қолданамын. Интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады. «Интерактивті» ағылшын тілінен аударғанда *inter* – аралық, *action* – әрекет. Ол: - баланың жеке, өздігінен ізденуіне мүмкіндік беру; - топтасып, оқып үйренуге жағдай жасау; - өздерін-өздеріне бағалату; - іс-әрекет барысында білім алуды қарастырады. Оқушы өз ойын еркін айту үшін мұғалім мына тәсілдерді қолдануы тиімді: - алғыс сезіміңізді білдіріп, үнемі көтермелеп отыру; - ешқашан «жауабыңыз дұрыс емес» деменіз, ондай жағдайда тек сыныптан келісесіздер ме деп сұрау; - зейінсіз, енжар оқушыны анықтау, мүмкін оларда ой не ғажайып пікір болуы. Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игерін, кәсіби шеберлікті ұштап

отыру – ұстаздың басты парызы. Қазіргі білім берудегі басты мәселе – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді де жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау. Болашақтың бүгіннен де нұрлы, шуақты болуына тікелей ықпал етін, адамзатты алға апаратын күш білімінде ғана, деген ұранымен оқу үрдісін ұйымдастыру қажет. Мақаланың тақырыбын таңдағанда, алдымен қазіргі заманның оқу барысында өзектілігін және талаптарын ескерте отырып, тарих сабағының сапасын жана дәреже жоғарлату мақсаты қойылды. Нарықтық экономика шарттарында дамып жатқан біздің қазіргі білімді, алдымен оқушыларға деген мұғалімнің педагогикалық әсері: қазіргі заманындағы өмір шарттарына бейімделген; бәсекелестікке қабілеттілігі; шығармашылықпен ойлайтын тұлғаны қалыптастыру бағыттау қажет. Оқушылардың тарих сабағында шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа технологияларды ұтымды пайдалану қажет. Оқыту технологияларының құрылымдық элементтеріне мыналар жатады: мақсат, мазмұн, әдістер, формалар, құралдар, оқушы, оқытушысы, нәтиже. Оқыту технологияларына тән белгілер: - негізділігі (кез келген технологияның өзіндік философиясы, өзіндік тұжырымдамасы болуы шарт); - жүйелілігі (құрылымдық элементтердің бір тұтастығы); - басқарылмалығы (оқыту үрдісін жоспарлап, нәтижесін бастан-аяқ тексеруге болатындығы); - тиімділігі (қысқа мерзімде аз шығынмен жоғары нәтижеге жеткізу тиімділігі). «Оқыту технологиясы» ұғымын нақтылау және оларды іріктеп ала білудің өзектілігі бүкіл оқыту үрдісінің түпкілікті нәтижесінің технологияның дұрыс таңдалып алынуына тәуелдігімен түсіндіріледі. Педагогикалық технология тарих сабағы бойынша оқу үрдісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оның құрылымына мыналар кіреді: - тұжырымдық негізі; - оқыту мазмұндық бөлімі: оқытудың нақты және жалпы мақсаты; оқу материалдарының мазмұны; - үрдістік бөлім – технологиялық үрдісі: оқу үрдісін ұйымдастыру; оқушылардың оқу қызметінің әдістері мен формалары; мұғалімнің материалдарды меңгеруді басқарудағы іс-әрекеті. Барлық технологиялардың мақсаты – пәнді оқытуда оқушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру болып табылады. Тарих сабағында қолданылатын педагогикалық технологиялардың түрлеріне тоқталатын болсақ, белсенді қолданылатындары: жобалау, пікірсайыс, мәселелік оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту және тағы басқа.

Бүгінгі таңда сабақ өткізудің түрлері өте көп. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдіс-тәсілдері білім алушыларға құбылыстардың себептерін толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдаяттар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан-теңіз екеніне көзіміз жетті.

Сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық ойласу, ұжымдық тұжырымдар жасауға белсене атсалысады, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезін, қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтін өзін келесе мәселені талдауға дайындайды.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Оқушының бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Жұмыс жасау барысында мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді. Біздің міндетіміз – оқушыға оны бойында жасынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Оқушы бұрын тек тындаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші болады, ал мұғалім осы әрекетке бағыттауда, оқуды ұйымдастыруда жетекші рөл атқарады.

Бұл стратегия сабақ жүйесінде іштей үш кезеңге бөлінеді: Қызығушылықты ояту – бұл кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әртүрлі әдіс-амалдары қарастырылады.

Сондай-ақ оқушыларды қалай қызықтыру керек деген сұраққа жауап деп қарауға болады:

- шын мәніндегі мәселені ұсыну және оқыту мақсатын бірлесіп дайындау;
- оқушының бұрынғы тәжірибесімен байланыс орнату;
- жаңа идеяны түсінуге дайындау.

Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Бұл кезеңде «Ассоциация», «Топтау», «Түртіп алу», «Болжау», «Әлемді шарлау», «броундық қозғалыс», «стикердегі диалог» әдістерін пайдалануға болады.

Мағынаны тани білу – жаңа білімді игеру кезеңі: бұл кезеңде оқушы жаңа ақпаратпен танысады. Тақырыпты мұғалім түсіндіріп, оқып бермейді. Тақырып бойынша оқушылар өздері жұмыс істейді және топпен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуге жағдай жасалады. Оқушының білімін қалыптастыру деңгейінде, оны зерттеу, талдау, жауап табу үшін жеткілікті материал болу керек, ол үшін:

- материалды меңгеру;
- белгілі және жаңа білімді бөлу; - сұрақ қою;
- барлық мүмкін байланыстарды өткізу;
- «Өзара оқыту әдісі», «Кең ауқымды лекция» әдісі, «Инсерт» әдісі, «Білемін, білгім келеді, үйренемін», т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану оқушының өздігінен білім алу, шығармашының іс-әрекеттерінің оянуы, бір сөзбен айтқанда, өзіндік еңбек ету кезеңіне айналдырады.

Ой толғаныс – жаңа алынған білімді айқындайтын және ұштайтын деңгейде оқушыда шешім қабылдай алатын мүмкіндік болу керек:

- оқығанын өзіндік ойлау тұрғысынан көрсете білу;
- өз сұрақтарын қою және оған жауаптар табу;
- болжау жасай білу және олардың дұрыстығын тестілеу;
- жаңадан пайда болған жағдайларды тез түсінуге осы білімді қолдану; Толғануды тиімді етуге лайықталған: «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Кейіпкерге хат», «Кубизм», «Т кестесі» т.б. әдіс-тәсілдер әр сабақтың ерекшелігіне ауырженілдігіне қарай лайықты қолданылады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтан тысқары қалатын оқушы болмайды.

Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін мына шараларды орындауы шарт:

- Сын тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт керек.
- Оқушыларға өз ойын ашық, еркін айтуға рұқсат беру.
- Әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау.
- Үйрену барысында оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау.
- Оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету.
- Кейбір оқушылар қолайсыз жағдайға түсіп қалса, әжуаламау, келеке етпеу.

Сын тұрғысынан ойлауды бағалау, оқушылар арасында сенімділікпен жұмыс жасау, бар ынтасымен оқуға берілу, пікірлерді тындау, құрметтеу, өз пікірін ашық білдіруін талап ету. Балалар шешімі мен осы мәселе туралы не ойлаймын жаңа мазмұнды алынған ақпарат менің бұрынғы білетіміме сәйкес келе ме? Маған бұл жана ойлар қаншалықты әсер етті.

СТО-өз алдына сұрақтар қойып жауап іздеу. Берілген сұрақтарға «Ал егер бұлай болса» - деп өз пікірін айтқызуға оны дәлелдей білуге үйрету басқалардың келтірген аргументтерінің қисынын зерттейді. Білімді меңгеру үшін қажетті дағдыларды өз бетімен қолдануға үйрету. Оқушы бойында білуге деген құштарлықты дамыту.

Ізденіс жасауға арналған стратегияларды, білім алу стратегияларын үйренуге деген құлшынысты қалыптастыру. Оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? – деген

сұраққа американдық профессор Дэвид Клустер, сыни деп айтуға келмейтін құбылыстарға тоқтала отырып, сыни тұрғыда ойлауды анықтайтын үш пунктті ұсынады:

Біріншіден, сыни тұрғыдан өзіндік жеке ойлау болып табылады дейді, мысалы сабақ барысында әр оқушының өз ойлары мен пікірлерін басқалардан тәуелсіз құруы.

Екіншіден, сыни ойлауды тудыратын білім дәлелдемелері екеніне тоқталады.

Үшіншіден, сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталатындығы.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Бұдан шығатыны, ХХІ ғасырдың алғашқы жылдарының бірі – «Білім – бүкіл өміріне» қағидасынан «Білім – бүкіл өмір бойына» қағидасына өте алатын білім жүйесінің ұйымдық құрылымдарын іздеу болып табылады. Қазіргі білім беру ісінің шарттарының бірі болып оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйретіп, олардың өз оқу бағыттарын өзінің таңдай білуі деп есептеледі. Біздің ойымызша, ақпараттық білім беру ортасын жобалаудағы басты мақсат оқушының өздігінен оқуға талаптандыру, яғни ізденімпаздыққа үйрету болып саналады.

Ақпараттық пәндік орта – ақпараттар ішінен керектісін іздеуге және сонымен өз саласында жұмыс істеуге бағытталған ақпараттық білім беру ортасының бір түрі. Оқу әдістерін жетілдіру тікелей білім беру жүйесінде тұтастай ақпарат технологиясын дамытуға үлесін қосты. Жалпы педагогика, әдістемелер және компьютердің түйісуінде жаңа бағыт оқытудың ақпараттық технологиялары дүниеге келді.

Оқу арқылы ақпараттың 10%, тыңдау көрнекі құралдар арқылы 20% ұштастырылса, 40- 50% оқыту процесінде оқушы белсенділігін арттыратын мүмкіндіктер жасалса, білімнің 70% есте сақталады екен. Нағыз өмір шындығымен ұштастырылған ақпараттың бала ойында қалу дәрежесі 90%. Олай болса, мәліметті есте сақтау қолданылатын әдіс-тәсілге байланысты. Сол әдіс-тәсілдің бірі – әр сабақта компьютерді пайдалану. Компьютер арқылы түрлі суреттер, графикалық сызу, дыбыс, музыка тыңдау, мұғалімнің тақтаға жазы түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Оқу үрдісінде компьютерді қолдануға негізделген жеке әдістемелер оқу мақсаттары мен жағдайларына байланысты қолданылуы қажет. Кейбір жағдайда оқушылардың сұранысын терең ұғыну қажет болса, кей жағдайда пәндік саладағы білімді талдау маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқытудың жүйесі көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады. Компьютерлер көрнекі, бейнелі ойлауды, қозғалыстың ауызша қарым-қатынас машықтары мен әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдеп көрсетеді. Компьютерді оқытуда қолданудың екі негізгі бағытын көрсете кетелік:

1. Оқу курсындағы жаттығуларды арнайы жасалған ортада орындау.

2. Оқушылар ақпараттық технологиялар негізінде басқа пәндерді өздігінен меңгереді.

Ақпараттық технологияларды пайдалану, компьютерлік оқыту бағдарламаларын құру және қолдануды білдіреді. Ол бағдарламаларда дәстүрлі оқытудан ерекше педагогикалық үйретушілік логикасы жүзеге асырылады. Мектептегі сабақтар жаңаша ұйымдастырылады және мұғалімнің қызметі мен рөлі өзгереді.

Интерактивті оқыту технологиясы – нәтижеге бағытталған оқыту. Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Интерактивті оқытудың тиімді жақтары: - оқушылар ақпарат алумен қатар, өздерінің белгілі бір мәселені шешу жолын қисынды түсіндіріп береді. Оқушылар ойларының тереңдігіне талпынады; - мұғалімнің жетешілігі арқылы білімдерін әрі қарай дамытады. Сонымен жаңа оқу технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолданудың нәтижесінде оқушылар жинақталған тәжірибиесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзекті мәселе. Шығармашылық қабілеті мол, жан-жақты дамыған адамзат тәрбиелеуде жаңа педагогикалық технология ауадай қажет.

Қорыта айтқанда, жаңа технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру, педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде гана жүзеге аспак.

Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаса бойынша жүргізілген сабақтарда оқушы іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп, мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады, мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап, одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әлкен С. Жаңа технологиялар арқылы шығармашылыққа баулу//«Қазақстан тарихы» 2006, №1.
2. Қарсыбаева Р.Қ. Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту технологиясының ерекшелігі //«45-минут». 2009, №1.
3. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қарағанды, 2011.
4. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. А., 2006.
5. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2007.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
7. К.С.Құдайбергенова Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі. Алматы. 2011, 75-б. 4. «Білімдегі жаңалықтар» // 2012, №4, 26-28 бб.

МУЗЕЙНАЯ ПЕДАГОГИКА КАК НАУЧНАЯ ДИСЦИПЛИНА И НАПРАВЛЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ШКОЛЬНОГО МУЗЕЯ ОСШ №32 СЕЛО ЦЕНТРАЛЬНОЕ, ОСАКАРОВСКОГО РАЙОНА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ (ИЗ ОПЫТА РАБОТЫ)

Монжосов Е.Н., учитель истории

КГУ «Основная средняя школа №32» отдела образования Осакаровского района управления образования Карагандинской области
Карагандинская область, Казахстан

Современная школьная педагогика развивается в русле проблем музейной коммуникации и направлена в первую очередь на решение задач активизации творческих способностей учащихся. С этой целью разрабатываются разнообразные методики работы проведения методических разработок школьных уроков в музее и музейно-педагогическом